

## “ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ ПӘНІНІҢ ҚАРАСТЫРАТЫН НЫСАНЫ МЕН МАҚСАТТАРЫ”

**Миралиева Диана Нұрмухан қызы**

Шыршық мемлекеттік педагогикалық университеті  
Қазақ тілі және әдебиеті бағытының 2-курс студенті  
E-mail: [diananurmuxan2@gmail.com](mailto:diananurmuxan2@gmail.com)

**Байзаков Жандос Абдазимович**

Ғылыми жетекшісі:  
(PhD)

Шыршық мемлекеттік педагогикалық университеті

### АННОТАЦИЯ

Мақалада әдебиетті оқыту әдістемесі пәнінің мақсаты, әдебиеттің сөз өнері әрі ғылым ретіндегі ерекшеліктеріне сүйене отырып, оны халқымыздың көркем тарихы, “өмір оқулығы” дәрежесінде оқып-үйретуі. Бұл пән сонымен бірге әдебиетті өмірмен байланыстыра оқыту арқылы көркем шығармадан тәлім алуы, шәкірттердің оқырмандық қызығушылығын қалыптастыруы жайында сөз өрбиді.

**Кілт сөздер:** Әдебиет, көркем тарих, әдіс, оқулық, ғылым, мақсат-міндет, пән негізі, Қазақ әдебиеті.

### “OBJECTIVES AND GOALS OF THE SUBJECT OF TEACHING METHODOLOGY OF KAZAKH LITERATURE”

#### ABSTRACT

In the article, the purpose of the subject of the methodology of teaching literature is to teach it as the art history of our people, as a «textbook of life», based on the features of literature as an art of speech and science. At the same time, this subject talks about learning from works of art and formation of students' interest in reading by teaching to connect literature with life.

**Keywords:** Literature, art history, method, textbook, science, goal-obligation, basis of subject, Kazakh literature.

## “Қ.О.БІТІБАЕВАНЫҢ “ОЙ ТАСТАУ, ОЙЛАНТУ, ОЙЛАУ” ӘДІС ТЕХНОЛОГИЯСЫ ҚАЗАҚ ТІЛІ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТ САБАҚТАРЫНДА ТИІМДІ САБАҚ ӨТУДІҢ КӨЗІ”

Дианара Мұхатова

**Кіріспе бөлім:** Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесінің ғылыми пән ретіндегі мазмұнының негіздерін анықтау өте бір күрделі жұмысты аңғармайды. Басқа пәндерді оқыту әдістемелері сияқты қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі де белгілі бір жүйеге негізделіп дамиды. Осы орайда әдістемеліктің бай мазмұны мен оның сан түрлілігін ашатын пікірлердің де алуан екендігін айту қажеттігі туындайды. Әдебиет әдістемесі педагогикалық ғылымдардың саласына жататын ғылыми пән.

**Негізгі бөлім:** Әдебиетті оқыту әдістемесі пәнінің мақсаты әдебиеттің сөз өнері әрі ғылым ретіндегі ерекшеліктеріне сүйене отырып, оны халқымыздың көркем тарихы, “өмір оқулығы” дәрежесінде оқып-үйрету. Бұл пән сонымен бірге әдебиетті өмірмен байланыстыра оқыту арқылы көркем шығармадан тәлім алуға, шәкірттердің оқырмандық қызығушылығын қалыптастыруға жол сала отырып, олардың әдеби қабілетін дамытуды көздейді. Әдебиетті оқыту әдістемесінің міндеті – қазақ әдебиеті пәнінен берілетін білімді ғылыми-теориялық жағынан қаруландыру. Оқушының шығарманы оқуы, қабылдауы – көркемдік танудың екі жағы. Бұл — әдебиетті оқытудағы басты нәрсе. Оқыту үрдісінде (процесінде) шығарманың ерекшелігіне, сабақ мақсатына қарай әдістер таңдалады. Қазақ әдебиеті әдістемесінде зерттелген әдістер ұтымды пайдаланып, мектеп тәжірибесінде жинақталды. Әдеби зерттеу негізі жүйеленді. Әдебиетті оқыту әдістемесі пәнінің мақсаты мектеп оқушыларының білімін неғұрлым жақсарту, мұғалімнің уақытын үнемдеу үшін болса, әдебиет пәні ғасырлар бойы жасаған өнердің бір түрі екендігі, өнер болғанда сөз өнері екендігі туралы ұғымдарын қалыптастыру, әдебиет пәнінің өзіндік ерекшелігі де сол өнер пәні болғандығы әдебиеттің сөз, тіл өнері екендігі туралы білімдерін қалыптастыру. Әдебиеттің өзіндік заңдылықтары, ерекшеліктері жайында білім бере отырып, оның басқа өнер түрлерінен айырмашылықтарын ажырата білуге үйрету. Әдебиеттің өзіндік табиғатын даралай, саралай отырып, ондағы дәстүр мен жаңашылдық, жалғаспалық әдеби кезеңдер, оның адамзат тарихымен тығыз байланысы жайлы білімдерін қалыптастыру. Өз пікірі, эстетикалық талғамы бар сауатты мәдениетті оқырман дайындау. Ауызша да, жазбаша да еркін, шешен, көркем сөйлеуге, жаза білуге үйрету. Көркем туындыны оқи отырып, эстетикалық талғамдарын байыта отырып, оны әдеби тұрғыдан сауатты талдай

білуге дағдыландыру. Туған әдебиеттің өзіндік ерекшелігі, оның адамзат әдебиеті мен мәдениетіндегі орны туралы ұғымдарын толықтыру, жетілдіру. Әдебиеттану ғылымы, сыны, оның мақсаты, міндеті, әдебиеттегі білім берудегі маңызы туралы білімдерін қалыптастыру. Тәрбиелік мақсатта эстетикалық сезімдерін, талғамдарын тәрбиелеу. Адамгершілікке, имандылыққа, ізгілікке, адамдық барлық жақсы қасиеттерге баулу. Туған халқының тілі, оның әдебиетіне деген ұлттық сезімдерін тәрбиелей отырып, бүкіл адамзат қауымының тілі, әдебиетіне деген қызығушылығына әсер ету.

Әдебиетті зерттеу әдістері екіге бөлінеді. Мектепте оқытылатын көркем шығарманы оқушыға жеткізу әдістер жүйесі. Сол көркем шығарманың жазылу стилі, мазмұны, идеясы, тәрбиелік мәні, тілдік, ырғақтық әдістері. Әдеби әдістер, яғни, оқушыға жеткізу жолы мен жүйесі – күнделікті сабақта батыл енгізіліп, оқушының өзіндік шығармашылық еңбегіне құрылады.

Әдебиет әдістемесінің міндеттері білім беру приоритетіндегі ұстанымдарды жетілдіру, әдістемелік нұсқауларды толықтырып отыру, әдеби-теориялық ұғымдар сөздігін жасау, сабаққа қажетті дидактикалық материалдарды көбейту, сыныптан тыс оқу кітаптары. Бір сөзбен айтқанда көркем шығарма мен жаңа әдістердің байланысын ашып, оқушының жас ерекшелігіне сай жаңартып отыру. Үнемі ізденіс зерттеуді жетілдіру.

**Қорытынды бөлім:** Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесінің міндеттері, мақсаттары оқушыларға білім беруде мұғалімнің уақытын үнемдеу отырып, білім беру әдіс тәсілдерінен пайдалана отырып оқушыға білімді өздігінен алдыру, мұғалім тек дұрыс жолға бетін бұрып тұру үшін болса. Мектепте оқытылатын әдебиет пәнінің мақсат міндеттері оқушыларды өзіндік ой толғамында дербес дамуға, көркем тұлға ретінде танылуына, имандылыққа, ізгілікке адамилыққа баулу болып табылады.

### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ: (REFERENCES)

1. «Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі» Т.Қ.Қасенова Павлодар қаласы Керуку 2015 жыл
2. «Әдебиетті оқыту әдістемесі» Қ.Бітібаева Алматы қаласы «Рауан» баспасы 1997 жыл
3. «Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі» Б.Д.Жұмақаева Алматы қаласы «Қыздар университеті» баспасы 2015 жыл.